



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ОРТАЛЫҚ QAZAQSTAN



Газет 2007 жылы Қазақстан
Журналистика Академиясының
«Алтын жұлдыз» сыйлығымен
марапатталды.

www.ortalyq.kz

◆ Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

◆ СЕЙСЕНБІ, 22 ҚАҢТАР, 2019 ЖЫЛ №7 (22 603) ◆

Газет 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту
орденімен наградталған.

Сүйінші!



Боксшының шаңырағында – Бесік тойы

OK Нұрқанат ҚАНАФИН,
«Орталық Қазақстан»

Геннадий ГОЛОВКИНИНІң шаңырағында – Бесік
тойы. Чемпионның үшінші сәбіі дүниеге келді.
Бұл туралы Қазақстан бокс федерациясы
хабарлады.

Гена 2007 жылы 7 шілдеде (07.07.07) Алина есімді бойжеткенге үйленген еді. Алина да – қарағандылық. Қазір чемпионның отбасында он жасар Вадим есімді ұл мен 2017 жылы туған қыз бала өсіп келеді. Жұбайлар қыздарының есімін құпия ұстауда. Ал, Вадим хоккейге мықтап ден қойған. Генаның бапкері Абель Санчес Вадимнің келешегінен үлкен үміт күтетінін бір сұхбатында айтып қалған еді.

Боксшы үшінші баласының да есімін жариялауға асықпайтын сынайлы. «Қазір баланың да, анасының да денсаулығы жақсы» дейді ақпарат көздері.

ТұСАУКЕСЕР

Медиацация орталығы ашылды

Осакаров ауданында «Татулық» медиацация
орталығы ашылды. Ол жерде кәсіби медиаторлар
мен құрметті ақсақалдар қызмет етеді.

Медиацация орталығы Осакаров ауданындағы оқушыларға қосымша білім беретін орталық ғимаратында орналасқан. Орталықтың ашылуына аудандық әкімдіктің, аудандық соттың және Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңесінің өкілдері қатысты.

Осакаров ауданының әкімі Нұркен Қобжанов пен Осакаров аудандық сотының төрағасы Нұр Әбілханов өзара әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Бұл өз кезегінде дауларды сотқа дейін реттеу тәжірибесіне септігін тигізеді.

– Ежелден бері екі тарап арасында туындаған даулар-

ды шешу және татуластыру, жанжалдарды басу мәселесінде зор ықпалы бар ақсақалдардың көмегіне жүгінген. Бұл тәжірибе осы күнге дейін бұл тәжірибе сәтті қолданылып келеді, – деді аудандық сот төрағасы Нұр Әбілханов.

Мұнда тек жеке тұлғалар ғана емес, компаниялар мен бизнес бойынша серіктестер де келе алады.

Аудандық полиция бөлімінің мәліметінше, аталмыш орталық көмегімен екі жақтың татуласуы арқасында 10 қылмыстық іс тоқтатылған.

Өз тілшімізден.

ОСАКАРОВ ауданы.

Жарнама бөлімінің телефоны
43-21-55

«ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН»



Қаздауысты Қазыбек: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНА – 85 ЖЫЛ

КӨРМЕ КӨҢІЛ КӨРКЕЙТТІ

OK Жансая ОМАРБЕКОВА,
«Орталық Қазақстан»

Өткен аптада облыстық бейнелеу өнері музейінде Қарағанды қаласының 85 жылдығына арналған көрме көпшілік назарына ұсынылды. Онда қаламыздағы №1 өнер мектебі оқушыларының шығармалары қойылды. Ашылу салтанатында қалалық білім басқармасы басшылары, Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушылары, басқа да өнер мекемелерінің мұғалімдері қатысты.

Көрмеде 4 пен 17 жас аралығындағы балалардың «Әлемнің әсемдігін жүрепкең сезінгенде...» тақырыбындағы суреттерін, мүсіндерін, қолөнер бұйымдарын тамашалауға болады. Ұйымдастырушылар ондағы әр шығарма өзінің идеясы мен шығармашылық экспозициядан тұратын туынды екенін айтады.

– Бұл – біздің жұмысымыздың жылдық қорытындысы. Бізде жалпы 400-ге жуық оқушы оқиды, ал бүгін 450 жұмыс қойылды. Оның ішінде сурет, мүсін, керамикадан жасалған бұйымдар, сәндік қолданбалы өнер туындылары бар. Көрмеге қойылатын жұмыстарды мектептегі арнайы іріктеу комиссиясы таңдап алды. Олар көрмеде тақырыптарына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген, – дейді осы мектептің бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі Айжан Шортанбаева.

Сонымен қатар, Айжан Қазизқызы көрме аясында бейнелеу өнері пәні



мұғалімдері үшін облыстық семинар ұйымдастырылатындығын атап өтті. 25 қаңтарға жоспарланған шараға облыстың әр өңірінен жүз шақты ұстаз қатысады деп күтілуде. Осымен екінші рет өткізілетін семинар бейнелеу өнері техникаларын жетілдіру мен тәжірибе алмасуға септігін тигізбек.

Көрмеге қойылған әр туындыдан оқушының қоршаған ортаны, әсемдікті, қалай көріп-сезінетіндіктерін байқау қиын емес. Туған өлкенің табиғаты, қаламыздың көрікті жерлері, белгілі тұлғалардың портреттері бейнеленген суреттер ерекшелігімен көз тартады. Айта кетерлігі – мұнда компьютерлік графикамен жасалған еңбектер де бар. Өсіресе, керамикадан жасалған

бұйымдарды тамашалаушылар көп болды. Керамикамен жұмыс тек осы №1 өнер мектебінде ғана жүзеге асырылады. Арнайы топырақ, одан мүсін жасайтын, оны күйдіретін құрылғылардың барлығы бар.

Айталық, №1 өнер мектебінің 1 сынып оқушысы Іңкәр Рымқұл балықтың мүсінін жасапты. Бейнелеу өнеріне қызығушылығын байқаған ата-анасы өткен жылы аталмыш мектепке оқуға берген екен.

– Іңкәр өткен жылы сурет салған болатын, биыл мүсін жасады. Балалар көрмеге қатысу үшін қосымша ізденеді, тақырыбын таңдайды, бағытын анықтайды. Көрме олардың шыңдалуына қосымша мүмкін-

дік береді, – дейді оның әкесі Бекзат Рымқұлов. – Балам өзі Үштөбе жалпы орта мектебінде оқиды, аптасына үш рет осында келіп сабақ алады. Ынта-сы оянып, қызығушылығы артып келеді. Бұл – ең алдымен ұстаздардың еңбегі.

Кішкентай авторлар мен олардың ата-аналары, шақырылған қонақтар әуелеген ән мен күмбірілеген күй тыңдап, мың бұралған билерді тамашалайды. Қатысушылар арнайы сертификатпен, ал жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.

Көрме алдағы жексенбіге дейін жалғасады.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

Суретті түсірген Д.КУЗМИЧЕВ.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

КӘСІПКЕРГЕ – онлайн көмек

«Атамекен» кәсіпкерлер үшін «Атамекен Services» порталының жаңартылған нұсқасын ұсынуға. Ұлттық палата мамандарының айтуынша, кәсіпкерлер мейлінше қажетті қызмет түрлеріне онлайн тәртіпте қол жеткізе алады.

Палата басышылығы мәлімдегендей, кәсіпкерлердің басын ауыртқан басты проблемалардың қатарында несие және қаржылық құралдарға қол жеткізу, өнімді тарату, құқықтық реттеу және оқуға қатысты өзекті мәселелер бар. Ал, порталдың жаңа функциялары осы мәселелердің түйінін шешуге ықпал етпек. Бұл қызмет түріне смартфон, компьютер арқылы жүгінуге болады.

Сонымен қатар, «Атамекен Services» бизнеске тағы бір тың жаңа өнім ұсынып отыр. Ол – «Несие агрегаторы». Бұл – кәсіпкерге кеңсесінен шықтастан несие алуға өтінішті онлайн жолдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, өтініш автоматты түрде барлық банктер мен қаржылық институттарға жолданады.

Портал арқылы басты төрт бағыт, яғни, «Қаржыландыру», «Құзыреттілік», «Құқықтық орта» және «Жабықтық» бойынша алыстан астам қызмет көрсетіледі.

Өз тілшімізден.

Бүгінгі санда

ІЗДЕНІС – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ



2-бет

ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТАБЫСТЫ ФАКТОРЛАРЫ



3-бет



6-бет

ӘКІМ БОЛ,
ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ«КЕЛІСІП
ПІШКЕН ТОН...»OK Әлібек ӘБДІРАШ,
«Орталық Қазақстан»

Жаңаарқа ауданында ауыл әкімдерінің ел алдындағы есептік кездесуі жалғасуда. Елді-мекендегі шешімін күткен бірқатар өзекті мәселе сөз болған сондай жиын бейсенбіде Мұқажан Жұмажанов атындағы ауылдық округте өтті. Ауыл әкімі Думан БУКІРБАЕВТЫҢ есебінен кейін жергілікті билік пен халық арасындағы еркін пікір алмасуда ауыл өміріне қатысты талай түйткілді мәселенің түйіні ортақ ақыл-кеңеспен шешуге бағытталды.

Үлкен-кішісін қосқанда мыңға тарта адам тұратын ауылдық округ мал шаруашылығын шыр айналдырып отыр. Төрт түлік жылдан-жылға көбейіп келеді. Бір жылда ірі қара 2490-нан 2600, қой-ешкі 3536-дан 3876, жылқы 2852-ден 3593 басқа жетті. Сондай-ақ, экспортқа ірі қара етін шығару шарасы қолға алынды. Мал бордақылау алаңында жоспарлы 150 бастың орнына 177 ірі қара сөмірткен 6 шаруа қожалығы ет тапсырудың жылдық жоспарын 18% асыра орындады.

Оқу және жұмыс бөлмесі, кітапхана-сы, спорт залы, асханасы, мәжіліс залы қажетті заманауи құрал-жабдықпен жарақтандырылған, 150 оқушыға арналған екі қабатты жаңа мектеп жұмыс істеп тұр. Жаңа оқу жылында онда IT-сынып ашылды. Бұл жобаны жүзеге асыруға бір миллион теңгедей қаражат жұмсалды. Кез келген аймақтың әлеуетті әлеуметтік өлшемі – демографиялық жағдай жақсарып келеді: 2017 жылы – 16, бытыр 20 нәресте жарық дүниенің есігін ашты.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында көптен шешімін күткен шаруа – жастар саябағын салу қолға алынды. 100 түр тап егіліп, сырты қоршалды. Безендіру жұмысы одан әрі жалғасуда. Алты миллион теңгелік жобаны жүзеге асыруға қажетті қаражатты табуға ауылдың сыртта жүрген азаматтары мен ауыл тұрғындары қол ұшын беріпті. Келешекте тағы да демалушы тауып спорттық кешен мен мешіт салу жоспарлануда.

Бұл ауыл үшін жылда «жыраға» айналған маңызды мәселе – ауызумен жабдықтау жайы еді. Себебі, ауладағы құдықтан алатын ауызуудың сапасы санитарлық талапқа жауап бермейтін. Бұл тақырыпты тұрғындар бытырғы кездесуде де көтерген. Ақыры жобалық-металл құжатты дайындалып, «Әңгірлерді дамыту – 2020» бағдарламасына енгізілді. «Промстрой XXI Үек» ЖШС ауылға ауызу жеткізуге кірісіп те кетті. Су құбырын тарту жұмысы көп ұзамай аяқталады деп күтілуде.

ЖАҢААРҚА ауданы.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

OK Нұрдос КӨРІМ,
«Орталық Қазақстан»

Жұма күні облыс әкімі Ерлан ҚОШАНОВ жұмыс сапарымен Осакаров ауданында болды. Сапар барысында аймақ басшысы бірқатар әлеуметтік нысандарға арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысты.

Облыс басшысы алдымен «ДиВа» сауда үйіне ат басын тіреді. Сауда үйін аралап, тұрғындармен тілдесті. «ДиВа» сауда үйінің басшысы Дмитрий Кимнің айтуынша, саудада нүктесі ашылмас бұрын аймақтағы халықтың саны назарға алыныпты.

– Бизнес жасайтын адам қай уақытта болсын жергілікті халықпен санасу керек. Алдымен осы маңдағы халық санын есепке алдық. Өйткені, ашылған дүкен, біріншіден тұрғындардың келіп-кетуіне жақын болуы керек. Және бұл аумақта супермаркеттің жоқтығын ескердік, сөйтіп, жаңа нысанды ашуды жөн санадық. Мұнда келушілердің саны артпаса, азайған емес, – дейді Дмитрий Ким.

Жаңадан ашылған сауда үйінің аумағы – 340 шаршы метр. Дмитрий Ким жаңа дүкенді іске қосу үшін 40 млн. теңге жұмсаған. Бұл жердегі азық-түлік пен тауарлардың құны қаладағы дүкендердің бағасымен бірдей. Сондай-ақ, келісілген меморандумға сәйкес, әлеуметтік тағамдарға оң пайыздан артық үстеме ақы қосылмайды. Жаңа дүкеннің іске қосылуымен бірге жаңадан 11 жұмыс орны ашылды. Орташа жалақы мөлшері – 70 мың теңге. Негізінен, сол ауданның тұрғындары тартылыпты.

Аймақ басшысы дүкенді аралап, азық-түліктің бағасын көрді. Сатып алушылармен тілдесті. Отандық өнімдер де сөрелерде самсап тұр. Десек те, Ерлан Қошанов елімізде шығатын өнімді қолдауға қатысты сауда үйінің басшысына бір-екі ұсыныс айтты. Азық-түлік нарығына байланысты өз ойын білдіріп, кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау бар екенін жеткізді.

– Супермаркеттегі баға халыққа тиімді, тауардың сапасы жоғары болуы керек. Көрсетілетін қызметтердің барлығы да талапқа сай, жоғары болуы тиіс. Дегенмен, әлі де кеңейту қажет, – деді Ерлан Қошанов.

Бұдан кейін, аймақ басшысы №12 орта мектептің жанындағы интернатқа бас сұқты. Еске сала кетейік, осыдан бір жыл бұрын ғана бұл мекеме апаттық жағдайда болған. Шатырдан су ағып, ылғалдан есік тіреулері қисайып кеткен. Сондай-ақ, терезенің жақтаулары тозған, еденге төселген плитка жарылып, сынған. Қазіргі уақытта, интернат күрделі жөндеуден өткен. Былтыр жөндеу жұмыстарына 144 млн. теңге бөлінген. Бұл қаражатқа шатырды толығымен ауыстырып, электр, жылу жүйелерін, сантехниканы жаңалаған. Сонымен қатар, есіктерді жаңартып, энергия үнемдейтін пластик терезелер орнатылып, сынған сатылар қалпына келтірілген. Бұдан бөлек, кіреберісті жөндеп, артылған қаржыға ас үй, демалыс бөлмелеріне және оқушылар тұратын жатын бөлмелерге жиһаз алған.

– Бұл жерде менің екі балам тұрды. Қазір үшіншісі оқып жатыр. Ол тоғызшысы сыныпта оқиды. Қазір оны интернатқа жібергенде көңілім тыныш, алаңсыз күй кешем. Себебі, мұнда үйдегідей жағдай жасалған. Ғимарат жайлы және жылы. Президентімізге ескеңе ұрпағымызға үлкен көңіл бөліп жатқаны үшін алғысымды білдіреміз, – дейді интернатта жатып оқитын оқушылардың анасы Оксана Ковалева. – Президенттің тапсырмасы бойынша,

ІЗДЕНІС – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ



облысымыздың барлық интернаттарын қалыпқа келтірдік. Көптеген интернат жөндеуді талап еткен болатын. Сондықтан, біз бірінші кезекте осы мәселеге көңіл аудардық, – деп атап өтті Ерлан Қошанов. Әкім бүгінде облыста 21 мектеп жанындағы интернат жұмыс істейтіндігін және өткен жылы он екісі, күрделі жөндеуден, тоғыз ағымдағы жөндеуден өткендігін тілге тиек етті. Осакаров ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімінің интернаттағы балалардың тұрмыс жағдайы ғана емес, сонымен қатар, олардың бос уақытта немен айналысатыны да қызықтырды. Бос уақыттарын оқушылар қосымша білім орталығында өткізетіндігінен хабардар болды. Осакаров ауданы білім бөлімінің басшысы Айнагул Ақманбетованың айтуынша, мұнда музыкалық үйірме, қуыршақ театры және басқа да көптеген секциялар жұмыс істейді. Алдағы уақытта мекемені жаңғыртып, үйірмелердің санын көбейту жоспарланып отыр.



–Тұжырымдамамы өзгерту қажет. Бізде мұнда жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Енді, холлды жаңартып, кездесулер өткізу үшін wi-fi орнатуды көздеп отырмыз. IT-сыныптар ашықмыз келеді. Қазір балалар биологияға, ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге қызушылық танытады. Көптеген оқушылар ғылыми жұмыстармен айналысып жатыр, – дейді Айнагул Ақманбетова. Сондай-ақ, облыс әкімі «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған тұрғын үй кешенінде де болды. Бұл жерден баспананы халықтың әлеуметтік тұрғыда қорғалған тобы алады. Жақын уақытта ауданда қоныс тойын тойлаушылар саны артады деп жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда Осакаровкада 12 үйдің және Молодёжний кентінде 7 үйдің құрылысына жобалық сметалық құжаттамалар дайындалып жатыр.

Аймақ басшысы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне де аялдады. Қазіргі таңда мекемеде 12 мүгедек бала білім алып, емде-

луде. Тағы 15 мүмкіндігі шектеулі бала үйлерінде оқып, емделеді екен. Бұл балалар үшін арнайы жабдықталған микроавтобусты өткен жылы табыстаған әкім, мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайымен танысты. Сонымен қоса, ауданның жұмыспен қамту орталығының қызметімен арнайы барып көрді. 2018 жылы мұнда сұранысқа ие мамандықтар бойынша 85 адам даярлық оқуынан өткен. Тағы 212 адам «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша

жөндеу өткізіп, Түркияда жасалған арнайы астық сақтау бөшкесін сатып алған. – 2018 жылы мен небары 6% мөлшерлеммен мемлекеттік бағдарлама бойынша 150 млн. теңге көлемінде несие алдым. Бұл қаражат өндірісті жетілдіріп, жұмыскерлердің жалақысын 20%-ға көтеруге жетті. Енді олар орташа есеппен 120 мың теңге алады, кәсіпорнда барлығы 70 жұмыскер бар, – дейді Ерлан Есентаев. Дірімен кешені Қазақстанның қалаларына

және шетелге өнім жеткізеді. Оның ішінде Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Түркменстан елдеріне астық тасымалдайды. Аталмыш кәсіпорында айына шамамен үш мың тонна ұн шығарылады. Кәсіпорын өз жұмысын жандандыра түсуге дайын.

Ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толған аймақ басшысы Елбасының Жолдауы аясында шағын және орта бизнеске барынша көмек көрсетуге әзір екендігін жеткізді.

Суреттерді түсірген
Д.КУЗМИЧЕВ.МӘДЕНИЕТ
ОШАҚТАРЫНДАДамудың
дара қағидасы

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды пікір. Бұл мақалада ұлттық болмысты әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, ел игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер көтеріліп отыр.

Жаңғыру – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Елбасы бұл туралы «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жандандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» деп, атап өткен болатын.

Сондай-ақ, Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды.

«Білімді адамзат қана биік белестерді бағындырады, бәсекеге қабілетті бола алады. Елдің болашағы – сана сезімі жоғары, ойы озық өскелең ұрпақтың қолында» дегенді зейінді жастарға қаратып айтқан.

Біз Қазақстанның болашағы – жастарды қолдауымыз керек. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекет саясатының басымдығына айналуы тиіс. Бұл үшін жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру қажет.

Алда үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етіп, жаңалық ашатын білімді жастар көп болса дейміз.

Н.ӘБІШЕВА,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің қызметкері.

ҚАРҚАРАЛЫ ауданы.

Сақшылар
бақылауды
күшейттіOK Аяулым СОВЕТ,
«Орталық Қазақстан»

Облыста жолаушылар тасымалының қауіпсіздігін арттыру мақсатында 17-19 қаңтар аралығында «Автобус» республикалық жедел-сауықтыру шарасы өтті.

Қарағанды қалалық жол патрульдік полициясы басқармасының қызметкерлері автобус жүргізушілері мен шағын автобустардың жол қозғалысын бақылау мақсатында күшейтілген тестілеу өткізді. Патрульдік полиция экипаждары қоғамдық көлік аялдамаларында жолаушылар көлігінің техникалық жағдайына ерекше көңіл бөлді.

Полиция қызметкерлері сондай-ақ, қалалық әкімдік өкілдері және көліктік бақылау инспекциясымен бірлескен рейд жүргізді. Үш күнде жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жүзден астам көлік жүргізушілері әкімшілік жауапқа тартылды.

Жергілікті полиция қызметі бөлімінің хабарлауынша, автобус жүргізушілерінің көлік жүргізгенде ұялы телефоны пайдалануы бойынша 16 факт тіркелген. 12 жүргізуші қауіпсіздік белдігін тақпаса, біреуі бағдаршам белгісін ескермеген. Сондай-ақ, рейд барысында жолаушылар ұйымдарындағы екі лауазымды тұлға әкімшілік жауапқа тартылды.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

OK Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Орталық Қазақстан»

Мемлекет басшысы кейінгі Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобалары аясында Елорданың жемқорлыққа қарсы стратегиясы жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін жетілдіру және басқа аймақтарға таралуына ықпал ету керектігін мәлімдеген болатын. Естеріңізге сала кетейік, осы мақсатта 23 қараша күні ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик ШПЕКБАЕВ пен облыс әкімі Ерлан ҚОШАНОВ жемқорлықты жоюға бағытталған «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасының жарғысына қол қойған болатын.

Бүгінгі таңда жоба жүйелі түрде жұмыс жасауда. Оны жүзеге асыру барысында үш сала айқын негізделген. Атап айтсақ, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және

АДАЛДЫҚ – адамдық парызы



азаматтарға жайлы жағдай жасау, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Жобаны іске асыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын біршама арттыру, азаматтар мен бизнес өкілдері үшін кедергі туындатпай, қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік органдардың ашықтығы және кең көлемдегі қоғамдық бақылау міндеттерін жүзеге асыру көзделіп отыр.

– Қоғамдық құқық қорғау органдарының, бірінші кезекте полиция жұмысының түбегейлі жақсаруын күтетіндіктен, аталмыш жұмыс «Сарыарқа – адалдық алаңы» жо-





Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, қоғам алдында дербес егемен мемлекет құру, жаңа қазақстандық мемлекеттілікті ресімдеу, экономикадағы, саясаттағы, әлеуметтік-идеологиялық саладағы дағдарыс жолдарын шешу сияқты өте күрделі міндеттер тұрды. Сол міндеттердің сәтiмен еңсерiлгенiн бүгiнгi күнi бүкiл әлем жұртшылығы бiледi. Ендi, руханият саласын одан әрi өрiстi ету талабы туындады. Осыған орай, Мемлекет басшысы «Ұлы Даланың жетi қыры» мақаласында ұлт болмысының тарихи негiзiне көңiл бөлген. Онда Президент тарихымызды терең зерттеу мен оны кiршiксiз күйде болашақ ұрпаққа аманат етудi басты назарға алады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Ұлы Даланың тарихтағы орны һәм ролiне заманауи Қазақстан үшін жаңа көзқарас қажет деп есептейдi. «Төл тарихымызға оң көзқарас» мәдени және адамгершiлiк-этикалық пайымдар, ұлт этногенезiнiң көпқырлылық пен көпөлшемдiлiгiн анықтау маңызын арттыруды қажет етедi. Президент Ұлы Дала аумағында айтулы мәдени жетiстiктер, өз дәуiрiнiң технологиялық инновациялары, жануарларды қолға үйрету, атқа мiну мәдениетi, металлургия технологиялары мен ескерi iс, жоғары дамыған мал өсiру мен өгiншiлiктiң, сауда-саттық пен өнердiң алғаш пайда болып дамығанын алға тартады. Қазақтың ежелгi ата-бабалары Еуразия кеңiстiгiнiң саяси және экономикалық дамуына әсер етiп қана қоймай, жаңа арнаға бұруда да көшбасшылық роль атқарды.

Заманауи Қазақстаннан ажырап тарих қойнауына кеткендей болған мәдени, этникалық жетiстiктерге үңiлу, даланың терең тарихын зерделеу нәлiктен бүгiнгi күнi ауадай қажет болып отыр? Әрине, халық пен мемлекеттiң тарихи болмысында, әрқашан сабақтастықтың ролi зор, Қазақстан тарихындағы тамырлылық, әсiресе дағдарыс, қиындыққа толы кезеңдерде ұлттың өзiндiк идентификациялық әлсiреуi және өзге де факторлар болғанда, ол әрқашан ұлтқа өзiн танауға көмектескен.

Мемлекеттiң өркениеттiк мол мәдени-тарихи кеңiстiкке, ең алдымен, халықтың өз тамырының тереңдiгi мен мәнiн сезiнуi, өзiнiң тарихи және ұлттық бiртектiлiгi негiзiнде қалыптасқанды. Сондықтан, қазiргi тарихи мен перспективалық дамуында олардың мәні маңызды. Тарихи сананы жаңғырту «бiздiң терең дүниетанымымыздың негiздерiн, өткенiн, бүгiнiң және болашағын» жете түйсiнудi талап етедi» дейдi Президент.

Нұрсұлтан Әбiшұлы тарихымыздың көпқыры, көптүйдiң терең қырларын жаңа саатыға аксиологиялық құрылымдауға мүмкiндiк беретiн бiрнеше көлемдi ұлттық жобаларды ұсынады. Олар – ежелгi дәуiрден қазiргi заманға дейiнгi кезеңдi қамтитын барлық отандық және шетелдiк мұрағаттар дүниесiне өлеулi iргелi зерттеулер жүргiзу үшiн «Архив – 2025» жетi жылдық бағдарламасын жасау, «Түркi өркениетi: түп-тамырынан қазiргi заманға дейiн» атты жобаны қолға ала отырып, Ұлы Даланың Ұлы есiмдерi халықтың бағаeтпен символикалық байлығы, «Түркологтардың дүниежүзiлiк конгресiн» және әртүрлi елдер музейлерiнiң экспозицияларына ежелгi түркi жөдiгерлерi қойылатын Түркi халықтарының мәдени күндерiн ұйымдастыру.

Осы жобаларды жүзеге асыру сонымен қатар, Қазақстанның әлемдiк қауымдастықтағы беделiн арттырып, оның көзқартар маңызды әр бағалы тарихи һәм мәдени феноменiн танытып, өлiмiзде халықаралық туризмдi дамытуға және насихаттауға көл ашады.

Жаңа мәдени-тарихи бiлiм Ұлы Даланың мол мұрасын өзектендiруге мүмкiндiк берiп, мемлекеттiк саясат өзегiн бiрiктiруге, Тәуелсiз Қазақстанның қазiргi даму кезеңiнде эволюциялық жасампаздықтың маңызды факторы боламақ. Бұл өз толығыын талап ететiн, тарихи тұрғыда маңызды, әлеуметтiк-саяси, экономикалық оқиғаларға қатысы бар, қарқындылығы бойынша өмiрдiң барлық саласын қамтитын фактор.

Тәуелсiздiк жылдарында Қазақстанда әлеуметтiк мемлекеттiң берiк iргетасы қаланды, ұлттың экономикалық дамуының моделi өзiрлендi және жұмыс iстеп тұр. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, «бұл дәуiр – өлiмiздiң қуатты мемлекет құруы мен жақсы өмiр сүруi жолында бүкiл адамзат өркениетiнiң жаһандық өзгерiстерi тұсындағы тамаша күресi. Осы жылдар тарихи кезеңнiң жеделдеуiнiң таңғажайып феноменiн дәлелдейдi».

Мұндай тарихи уақытты жеделдету жағдайында қазiргi заманғы жалпы турбуленттiлiктiң орнықтылығы маңызды мемлекеттiк даму бағытын алады, оның iргелi принциптерi жасампаздық әлеуетiн қалыптастырады әрi дамытады. Мемлекет басшысының көшбасшылық қабiлетi – ұқсас принциптердi тұжырымдау, сондай-ақ, солардың негiзiнде мем-

Ұлы Даланың жеті қыры

ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТАБЫСТЫ ФАКТОРЛАРЫ

лекеттің стратегиясына негізделген барлық құрылымдардың қызметін құру, ал, қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік-саяси прогресске қол жеткізу үшін және сайып келгенде, еліміздің әлемнің геосаяси картасында орын анықтау үшін шешуші фактор болып табылады.

Осындай базалық, өзара тығыз байланысты тұжырымдамаларымен Қазақстан үшін Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тарапынан әзірленген саяси, бірінғай барша қазақтандық бірегейлікті және Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамын құру ұлттық жобасы – жоспарлы түрде іске асырылатын тұжырымдамасы пайда болды. Барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулармен қамтамасыз етуді негіздейтін әмбебап ұлттық құндылық коды алғашқы кезекте күшіне енеді. Көптеген маңызды міндеттерді практикалық көшенді шешу және еліміздің әлеуметтік-экономикалық бағыттарын жаңғырту – Мемлекет басшысы ұсынған жоспарлардың бірегейі.

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында Елбасы Қазақстанның дамуының басты факторы ретінде қоғамның барлық салаларын қамту және үздіксіз жетілдіру деп көрсеткен. Әлеуметтік жаңғырту саясатының негізі – нақты өнімді еңбек. Жаңғыртуды табысты жүзеге асыру үшін халықтың еңбекке қабілеттілігі, нәтижелі және өнімді еңбекке баулу, еңбек ресурстарының өсуі мен біліктілік сапасын арттыруды ынталандыру қажет. Президент атап өткендей, ең алдымен «Барлық мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының принциптері бойынша ауқымды қайта құру, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың ең өлсіз тобына атаулы әлеуметтік көмек көрсету» жұмысын жүргізу керек.

Мақалада Қазақстанның мемлекеттік саясатында табысты жаңғыртудың жүзеге асырылып жатқан негізгі принциптері тұжырымдалған: эволюциялылық, жалпы жауапкершілік, әріптестік қатынас, ынталандыру және кәсібилік қағидаты. Жұмыссыздық деңгейін айқындаудың әдістемесін жетілдіру бойынша көшенді практикалық міндеттерді шешу, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар тобын нақты сәйкестендіру және құрылымдау, ұлттық біліктілік жүйесін әзірлеу, еңбек жұмыдарында орын алатын жанжалдарға қарсы іс-қимыл және еңбек тәртібін күшейту, өмір сүру сапасына ең төменгі әлеуметтік стандарттарды енгізу, тұрғын үй құрылысын ынталандыру міндеттері қойылады. Мемлекет үшін еңбек жағдайына тиімді ынталандыру жасау және адами капиталды дамыту үшін ресурстарды бөлуге бағытталған өсу жүйесін құру мен ынталандыру жауапкершілігі жүктелді.

Елбасы мемлекетті әлеуметтік жаңғыртудың жаһандық тренді ретінде қазақстандықтардың әл-ауқатын сапалы өсуін қамтамасыз етуге қабілетті тұтынушылық қоғамға перспективалық Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын нақты негіздеп берді. Проблемалардың бүкіл көшенін терең талдауға жан-жақты негізделген бүгінгі қоғамға тән, мемлекеттің прогрессивті өзекті даму қажеттіліктеріне тікелей жауап беретін жоба, Мемлекет басшысының сенімді саяси ерік-жігерін көрсетуге негізделген айқын және оларды жүзеге асырудың әлеуметтік сенімділігі үшін перспективалық негіз ретінде, экономикалық, халықтың азаматтық және тұлғалық белсенділігі үшін міндеттер қояды.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы Ұлттық жобасы мемлекеттік әлеуметтік жаңғырту саясатына нақты өнімді еңбек базасы ретінде қарайды. Президенттің айтуынша, соның есебінен, «әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары құрылады», жауапты еңбектің мәнді маңызын мәлімдейді. Ол – ең алдымен, Мемлекет басшысының әділ тапсырмасы бойынша әлеуметтік жаңғыртудың нақтылық пен жүйелілік принципін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нақты әлеулі оң өзгерістер – бүкіл қоғам өмірінің және әрбір азаматтың міндеті. Бұл



Қазақстан Президенті ұдайы көңіл бөлетін өмір сүру сапасын, адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған «әлеуметтік мемлекеттің және ұлттық игіліктің қазақстандық моделі» идеясын құруды дамытады, барлық қазақстандықтардың мүдделерін тиімді қорғау үшін мемлекеттің сарабдал саясатын талап етеді.

Еңбекке деген қатынас қоғамның өзін-өзі дамытуы мен прогресске, жетілу қабілетіне маңызды индикатор болып табылады. Сондықтан, Елбасы Еңбек Қоғамының өркениетті экономикалық факторларының оң еңбек мәдениетін қалыптастыру маңыздылығын атап көрсетеді. Әлеуметтік кепілдіктер, мемлекеттік қамтамасыз ету – Қазақстан Президенті саясатының өзгеріссіз негіздерінің бірі. Оның жеке жауапкершілікпен үйлесуі маңызды болып табылады.

Қазақстандық сәйкестіктің базалық негізін ұлттық мәдениет ретінде сақтау, сонымен қатар, инновациялық технологиялық экономика мен меритократиялық қоғам, оңтайлы даму ұстанымдары негізіндегі идеологияны практикалық тұрғыда қайта түрлендіру міндетін қоятын мәдени-дүниетанымдық жаңғырту нұсқалары мен принциптері Нұрсұлтан Әбiшұлының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында сенімді негізделген. Идеялар саласы, қоғамдық құндылықтар жүйесі басым фактор ретінде қарастырылады. Бұл ретте мәдениет қоғамның әлеуметтік және экономикалық даму шарттылығы ретінде белсенді элементі бола отырып, әлемнің ұлттық бейнесінің маңызды қыры есебінде қабылданатын еңбек маңыздылығы мен құндылығы туралы жасампаз көріністермен қаруландыруға негізделген.

Базалық мәдени құндылықтарға тіректердің қажеттілігі бәріміз білетін әлемнің дамыған елдеріндегі ұлттық бірегейлік және экономикалық динамизм арасындағы тікелей факторлық тәуелсіздікті сақтай отырып туындайды. Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, мәдени-дәстүрден алшақтық, кері тебілген өмір стандарты, оң еңбек қатынасына негізделген деструктивті тарту, одан әлеуметтік инфантилизм сияқты жат идеялар мен көзқарастар құбылыстардың пайда болуы, еңбекке теріс бағыт беру – қоғамды мәңгірттікке әкеледі. Сол уақытта ұлттық тарих ерекшелігі іспеті, әлеуметтік өмірді ұйымдастыру ерекшеліктері тәрбие жүйесі құндылықтарын қалыптастырудағы еңбек құрылымын ынталандыруда шешуші рөл атқарады. Бұған «Мәдени мұра», «Халық тарих толынында», «Қазақстанның ұлттық мұрасы» сияқты және басқа да ұлттық мәдени мұраны сақтау жөніндегі мемлекеттік мәдени-ағартушылық жобалар бағытталған.

Екінші жағынан, Президенттің әділ атап өткеніндей, «қоғамдық қарым-қатынасты ақ-жүзілік принципін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нақты әлеулі оң өзгерістер – бүкіл қоғам өмірінің және әрбір азаматтың міндеті. Бұл

параттық және инновациялық экономиканың пайда болуы, заманауи қоғам өмірін қайта қалыптастыру, еңбекке қабілеттіліктің әлеуметтік-мәдени бағдарын айтарлықтай өзгерістерге алып келді. Тұрақты мәдениет қалыптастыру үшін қазіргі кезең жағдайындағы еңбек санасын масылдық көңіл-күйден белсенді өмірлік ұстаныммен көздейтін ментальдық ығысуға, жоспарланған прогресске сеніміне, экономикалық жетілудің орналасуына, қабілетін өзгерістерге бейімдеуге, тұрақты білімге ұмтылуға бағыттап, сапалы түрлендіру қажет. Сондықтан, «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Рухани жаңғыру» бастамасы – маңызды жобалар. Ол – шынайы қазақстандықтардың нақты тарихи мысалдарында мемлекет дамуына айтарлықтай үлес қосуға, табысты идеясына оң көзқарас қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілікке, прагматика мен білімге құштарлыққа мүмкіндік береді.

Қазақстанның 21 ғасырда жедел дамуы жағдайындағы жауапты жоғары өнімді еңбек мемлекетімізде қалыптасқан жаңа индустриялық-инновациялық экономикада шешуші фактор болды. Ел Президенті шикізаттық экономикадан «ақылды» экономикаға ауысу үдемелі транзитін іске асыру міндетін қойды. Экономиканың инновациялық әлеуетін білім мақсатында баламалы энергетика, биомедицина, агроөнер, IT технология саласына байланысты мемлекеттік қаржыландыру өл-ауы өсім алады. Мұндай индустриялық жаңғырту жағдайында елдің еңбек ресурстарының сапасына қойылатын бірқатар жаңа талаптар туындайды.

Мемлекет басшысы ұсынған мемлекетті жаңғырту тұжырымдамасының маңызды басты субъектісі және негізгі ресурсы – адамның өзі. Сондықтан, кәсібилік қағидаты – тағы бір Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының негізгі қағидаты. Кәсібилендіру процесі еңбектің әлеуметтік-мәдени маңыздылығын қалыптастырумен тікелей байланысты. Президент бастамасын құруда экономикалық және инновациялық социумдағы еңбек қарым-қатынастары жүйесінң адам болмысымен түбегейлі айырмашылығы бар. Максималды экономикалық тиімділікке қол жеткізу мұнда жоғары өнімді және биік мақсатты шығармашылық қызметі есебінен жүзеге асырылады. Адам еңбекке жалдамалы орындаушы ретінде ғана емес, ең алдымен, бірегей қабілеттерін тасымалдаушы ретінде, ақпараттық білім иесі, «дербес адами капитал» түрінде ден қоюшы құндылық болуы керек. Бұл адам шығармашылығын жан-жақты белсенді дамытуға мүмкіндік береді, ол ХХІ ғасырдағы антропологиялық мәдени деңгейде жұмыскердің жетекші генотиптері ретінде экономикасы дамыған елдердің инновациялық жағдайында ерекшеленеді. Адам табыстылығын анықтаушы базалық әлеуметтік-мәдени тетігі – инновация. Осылайша, маңызды аспектісі – еңбектің әлеуметтік-мәдени маңыздылығын

қалыптастыру ұтқырлықты, динамизмді, тұлғаның кәсіби дамуында әр түрлі мүмкіндіктерін анықтау және қамтамасыз ету. Кәсібилік тұрақтылық пен өркендеу постиндустриалдық қоғамның қажетті шарты ретінде басты әл-ауқат көздерінің біріне айналуға және прогрестегі әрбір экономикалық белсенді адам үшін абсолютті аксиома деп танылуы тиіс.

Осыған байланысты перманенттік тұрғыда өзгеріп отыратын ақпараттық экономика жағдайындағы жастарды серпінді кәсібилендіру міндеті туындайды. Білім – қоғамның негізгі капиталына қосылатын өндіріс элементі. Білім берудің сұранысқа ие болуы арқылы кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың заңды ролі артады.

Бәсекеге қабілетті Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған мемлекеттің әлеуметтік саясаты, халықты әлеуметтік қорғау және бейімдеу, әсіресе, жастарды дербес өмірге, бастамашыл еңбекке баулу бойынша қосымша шараларды талап етеді. Президент адамдардың нақты мүдделерін басшылыққа ала отырып, мемлекетке азаматтардың әл-ауқатының өсіру, ең алдымен, маңызды білім алу үшін нақты мүмкіндіктер ұсыну арқылы жағдай жасау мен талап етілетін біліктілік және лайықты жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелерді жүктейді. Бұл – халықты әлеуметтік қорғаудың өзара байланысты векторлары бүгінгі таңда еліміздің адами ресурстарының аса маңызды даму және іске асыру шарты.

Мемлекет басшысының айтуынша, лайықты жұмыспен қамту және оқытуды қолдау мақсатында үкімет бүгінде бірқатар мәселелерді табысты шешуде, оған мемлекеттік пәрменді жамылдыру тетіктері пайдаланылуда. Жас мамандар үшін еңбекке орналастыру мен әлеуметтік пакет кепілдіктері, жастардың техникалық және кәсіптік білім алуға кеңірек тарту мен ынталандыру шаралары туралы және индустрияландыру бағдарламасына қатысуға құқықтық нормалары әзірленуде. Мемлекеттік саясатты іске асырудың қазіргі заманғы қажеттілігіне «Қазақстан - 2050» Стратегиясы, экономиканы индустрияландыру біздің қоғамда ең алдымен жұмысшы және кәсіби-техникалық мамандықтардың беделін арттыру қажеттілігін алға тартады. Қаржыландыру көлемін арттыра отырып, еңбекке қабілетті ел тұрғындарына, тегін, қысқа мерзімді қайта даярлау курстарынан өту, біліктілігін арттыру, шағын несиесі алуы ұсынатын мүмкіндігі бар «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» қолданысқа енгізілген. Қазақстандықтарға сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын алуға мүмкіндік беретін «Барлығы үшін тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске қосылды. Сапалы жұмыс орындарын құру және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу үшін экономиканың индустриялық және инновациялық жаңа білікті және жоғары өндірісті еңбекте сұранысқа ие нысандар ашылуға.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жалпы нарықтың еңбек ресурстарын және бәсеке-лестікке өтеп беруге арналған жаһандық еңбек нарығын қалыптастыру жағдайында үлкен мәнге ие сапалы әлеуметтік стандарттары мен кәсіби біліктіліктердің ұлттық жүйесін құру міндеттерін жүктейді. Осылайша, ол тұтастай алғанда, жаңа әлеуметтік саясаттың қоғамдық құндылығын бағалай білудің және өмір сүру сапасын арттырудың басты құралы ретінде адами әлеуетті дамытуға арналған инвестициялардың дәйекті өсуіне бағытталған. Әлеуметтік инфантилизмді жеңу, белсенді еңбек қызметінің әлеуметтік-мәдени маңыздылығын, «креативті сыныптың» пайда болуы мен дамуының факторы ретінде азаматтық шығармашылықты қалыптастыру – инновациялық экономиканың қозғаушы күштерінің бірі.

Экономикалық және еңбек үдерістеріне қатысушылардың, мемлекет пен азаматтың өзара серіктес жауапкершілігінің қажеттілігін үнемі атап өте отырып, Президент халықтың дәстүрлі адамгершілік құндылықтарына, сондай-ақ, өзін-өзі жетілдіруге, жеке әл-ауқатқа

қол жеткізуге, прагматикалық ұмтылысына негізделген позитивті еңбек мәдениетін қалыптастыру туралы айтады. Еңбек пен еңбек адамының бастапқы құндылығы идеяларына қарым-қатынас кезеңдерін бастан кешкен біздің қоғамымыздың тарихи тәжірибесін ескере отырып, жаңғырту үдерістері, еңбекке қатысты дүниетанымдық ілгерілеушілік мемлекет пен қоғамның барлық деңгейінде іске асырылуы қажет. Жалпыға Ортақ Еңбек тұжырымдамасы шенеунік тарапынан зиянды демагогия құралына, жауапты еңбек қағидаттары декларацияланатын және сонымен бірге іс жүзінде еңбексіз баодың жалған құндылықтарына, қандай да бір кәсіптердің беделіне, сыртқы табыс пен адалдыққа табынуға, экономикалық қатынастарды басқару мен құру және материалдық игіліктерді бөлудің меритократтық принциптеріне бейілділік көрсететін жағдайға айналмауға жол бермеу – маңызды. Мұндай диссонанс еңбектің аксиологиялық маңыздылығына, девальвацияға және өткен ғасырдың 70-ші жылдарындағы кеңестік идеология идеясының, яғни, өзін қорғауға деген сенімнің жоғалуына қауіп төндіреді. Онда екпінді еңбек, «еңбек ерлігі» ұғымы қоғамдық қызмет етудің бір түрі ретінде жаппай жауыр болды. Қоғамдағы салауатты еңбек мәдениеті қағидаттары шын мәнінде жалпыға бірдей болуы маңызды, сондай-ақ, еңбек адамының табысы мен өмір сүру сапасын нақты арттыруға әкелетін барлық экономикалық, құқықтық және әлеуметтік жағдай жасауы қажет.

Қоғамдық сананы жаңартудың ең пәрменді құрамдас бөліктерінің бірі жаңа Еңбек моралін қалыптастыру болуы тиіс деген ой бекітіледі. Ол бүкіл халықтың жауапты шығармашылық инновациялық жұмысына мотивациялық саланың құрылымын, ең алдымен, қоғамды модельдеуші-құраушы ретінде мемлекеттік және шенеуніктік аппаратты сапалы өзгертуге қабілетті болуы керек. Әлеуметтік-экономикалық өзара іс-қимылдың жаңа нысандары ел болашағын табысты жобалау үшін қажетті қоғамдық және жеке маңызды құндылықтар ретіндегі еңбекті қамтитын жаңа дүниетаным негізінде қалыптастырылуы тиіс. Тарихымызда дәл осындай сапалы қайта құрулар қоғам санасында жасампаздық эволюциялық даму факторына айналыпанан дәлелденген мысалдар аз емес; қоғамдық сананың әрекеті мемлекеттің тарихи даму үрдістеріне өлеулі түрде әсер етуі мүмкін. Мысалы, жаңа заман дәуірінде көшбасшылық геосаяси позицияға ие болған Солтүстік және Орталық Еуропаның үдемелі дамуында капиталистік индустрияландырудың әлеуметтік-мәдени іргетасы болған протестантизмнің жаңа дүниетаным маңызды роль атқарды. Макс Вебердің «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты белгілі жұмысында көрсеткеніндей, протестантизм және буржуазия одағы өнеркәсіптік капитализмнің дамуы үшін шешуші фактор болды. Ғалымның пікірінше, протестанттық дін ерекше дүниетанымды үлкен «экономикалық рационализмді», адалдық, ұшынтылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерді утилитарлық негіздеуге ықпал етті. Нәтижесінде қоғамда жаңа, неғұрлым икемді, әлеуметтік құрылымды жаңғыртуды қабылдайтын белсенді даму ынталандырылды, экономикалық және олармен бірге саяси-идеологиялық қатынастар түбегейлі өзгерді, азаматтық қоғам осы құрылымды біздің нысаны ретінде пайда болды, өнеркәсіптік капитализм әлеуметтік мәдени формаға ие болды.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру Қазақстанның ауқымды ұлттық идеясы болып табылады. Оны іске асыру әлеуметтік-экономикалық және технологиялық жаңғырту жағдайында ел дамуының аса маңызды міндеттерінің тұтас көшенін шешеді. Дамудың бағытталуын айқындайтын басты тіректері – экономикалық және еңбек қатынастары саласына инновацияларды белсенді енгізу қажеттілігі, мемлекет пен азаматтардың кең әлеуметтік жауапкершілігі, адами әлеуетті дамытуға және сапалы ұлт құруға бағытталатын инвестициялар.

Бүгінде біз жобаның нақты жемісін көріп отырмыз. Мұны Президенттің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сүру сапасының артуы» атты жаңа Жолдауы көрнекі түрде куәландырады. Онда ағымдағы қорытындыларға баға берілді және «Әлеуметтік мемлекеттің және Ұлттық әл-ауқаттың қазақстандық моделі» құрудың одан арғы міндеттері ұсынылды. Біз Елбасының басшылығымен табысты жүзеге асырылып жатқан Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру контекстінде өмірдің түрлі салаларын реформалау нәтижелері өзінің негізгі мақсаты – Қазақстан халқының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға қол жеткізетініне тағы да көз жеткіземіз.

Рымбек ЖҰМАШЕВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор,
Е.Бекетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университетінің
бірінші проректоры

Облыс әкімінің есебі қарсаңында

ӘЛЕУЕТТІ ӘРЕКЕТТЕР –
ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы, «100 нақты қадам» Ұлттық жоспар және «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты маңызды бағдарламалық құжаттары өткен жыл ішіндегі Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы әкімі жұмысының негізгі бағыты болды.

Ел Президентінің Жолдауында дамудың алты маңызды бағыты анықталған. Онда көрсетілген әр бағыт бойынша Елбасы атқарушы, заң және сот биліктерінің алдына нақты міндеттер қойды.

Ағымдағы жыл «Жастар жылы» деп жарияланды, бұл біз үшін, яғни, қарағандылықтар үшін ерекше маңызға ие, биыл біз қаламыздың 85-жылдық мерейтойын атап өтеміз. Біздің аудан еліміздегі барлық экономикалық өзгерістерге белсене қатысады және Елбасы Жолдауларын, Президенттің бағдарламалық реформаларын ойдағыдай жүзеге асырады.

Биылғы жылдың басындағы көрсеткіш бойынша Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданында 276 445 адам тұрады. Өткен жылы ауданда 5 080 сәбидің өмірге келуі – қуанышты жайт. Ауданда 45 мыңға жуық зейнеткер тұрады, жалғыз басты зейнеткерлердің саны - 762, олардың ішінде, 720-на үйде қызмет көрсетіледі, 1- Социалистік Еңбек Ері (К.Көрпелбаев), 34 - Ұлы Отан соғысына қатысушылар, 2 054 - тыл ардагерлері бар.

Аудан көлемі – 23 мың га, ауданда 1461 көпқабатты тұрғын үйлер және 16 243 жеке секторлар бар.

2018 жылы аудандық инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылды: Прикамьаньна көшесі бойында Республика даңғылынан Тәттімбет көшесіне дейін жаңа автомобиль жолдарын салу (іске асыру кезеңі - 2018-2019 жылдар), Құрылысшылар даңғылы бойындағы көлік жолдарын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары басталды, Гоголь көшесінде көлік жолдары мен жаяу жүргінші жолдары жаңартылды. Орташа жөндеу жұмыстарымен Орбита и.а. орамаларық жолдары, 16 бағыт бойындағы, Күнгей и.а., Мұқанов көшесінің көлік жолдары, жеке секторлар арқылы өтетін Б. Момышұлы көшесінен Тәттімбет көшесіне дейінгі жолдар, сонымен қатар, Н.Әбдіров көшесіне шығатын Гоголь көшесінен Ерубаев көшесіне дейінгі жолдар қамтылды. Жеке сектор жолдарының көп бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, мұндағы жөндеулер жолдардың жалпы көлемі 60 шақырымды құрайды.

Қарағанды қаласының келбетін одан әрі жақсарту, аула алаңдарын абаттандыру, сонымен қатар, тұрғындардың демалуына қолайлы жағдай жасау мақсатында ауданды абаттандыру бойынша көшенді шаралар қолға алынды. Облыс және қала басшылығының тапсырмасымен 2018-2020 жылдар аралығында 50 аула аумағын абаттандыру тапсырмасы берілді. Аулаларды абаттандырудың басты басымдылығы – абаттандырылатын үйде басқару жүйесінің болуы. 2018 жылы 50 аулада абаттандыру жұмыстары жүргізілді (Жаңа қала секторы бойынша 18 аула аймағы, Михайловка секторында - 12, Оңтүстік-Шығыс, Федоровка секторлары бойынша - 20 аула аймақтары). Абаттандыру жүргізілген аула аймақтарында асфальт жаппай жұмыстар қалына кеттірілді, жолға жиек тастар, жол кедергілері, қоқыс жәшіктері мен орындықтар, сонымен қатар, жарық бағандары орнатылды. Барлық атқарылған жұмыстар 2 жылдық кепілдік міндеттемелерге ие. Биылғы жылы бұл жұмыстар жалғастырылатын болады. 50 ауланы абаттандыру жоспарланып отыр (Жаңа қала секторы бойынша 17 аула аймағы, Михайловка секторы – 14, Оңтүстік-Шығыс, Федоровка секторларында 19 аула аймағы).

Есепті кезеңде Қарағанды қаласы, Қазыбек



би атындағы аудан бойынша Гапеев көшесі, 5, Шапағат и.а., Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Карбышев көшесі, 12 үйдің ауласында иттерді серуендету алаңдары бойынша барлығы 4 гүлзар абаттандырылды.

Гапеев көшесі, 5 мекен-жайы бойынша балалар ойын алаңының заманауи кешендері, «Streetworkout» тренажерлары, футбол, «Streetball» құрылыс алаңы бар, сонымен қатар, асфальт жабындылары, веложол төселген, (жаңадан ағаштар отырғызылып,көгалды шөп төселді), тұрақтар мен аулаға кіру де едәуір ыңғайлы. Сонымен қатар, 2018 жылы Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының іргелес аумақтары абаттандырылды, мұнда орналастырылған құрғақ су бұрқағы осы гүлзарға ерекше сән беріп тұр.

«Шапағат шам» ауданында да жиек тастар, жаяу жүргінші жолдары, жарық бағаналары, қоқыс жәшіктері мен орындықтар орналастырылған, жасыл желектер (жаңадан ағаштар отырғызылып, көгалды шөп төселген) «Streetworkout» тренажерлері мен балалар спорттық ойын емендері бар гүлзар абаттандырылды. Сондай-ақ, қарағандылықтардың жайлы демалуына жағдай жасау мақсатында ауданымызда Уни-верситетская, 29, Молокова, 94, Орбита и.а., Язев көшесі, 13а, Күнгей и.а., Осевая көшесі мен Ержанов көшесі, 30 мекен-жайлар бойынша 7 шағын гүлзарлар абаттандырылды.

Ағымдағы жылы келесі мекен-жайлар бойынша 5 кіші алаңды жабдықтау жоспарланып отыр: олар Бұқар жырау даңғылы, 28а, Гоголь көшесі,28, Гапеев көшесі, 16, Язев - Университетская көшелері және Полютаева, 5 үйдің аула аймақтары.

«Аудан аумағын күтіп ұстау» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде аудан аумақтарын, қаланың басты көшелеріне жақын аумақтарды қардан және қоқыстардан санитарлық тазарту жұмыс кестесіне сай, тұрақты негізде жүзеге асырылып тұрады. Жеке меншік сектордың ҚТҚ шығаруға келісімшарттарының болмауы себепінен 34 рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын орын жойылды, 17,0 текше метр қоқыс шығарылды. Сондай-ақ, туысы жоқ адамдарды жерлеу орындарын ұстау бойынша жұмыстар жүргізілді, есепті кезеңде осындай 130 адам жерленді.

Тұрақты негізде Қарағанды қаласының ІІБ ЖПҚ бірлесе отырып, Қарағанды облысының қалалары мен елді мекендерінде абаттандыру Ережелерін бұзу фактілері бойынша мобильді топ түсіндірме жұмыстарын жүргізіп тұрады. Есепті кезеңде үш полиция бөлімінің ұшакелік инспекторларымен абаттандыру ережелерін бұзу фактілері туралы 3529 хаттама толтырылды.

Келісім-шарт бойынша коммуналдық қамдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу, көму және қалғае жарату, тұрғындарға ҚТҚ шығару бойынша қызмет Қарағанды қаласының «Гор-КомТранс» ЖШС көрсетеді.

Бүгінгі таңда маршруттар кестесі бекітілді, мобильді топ Қарағанды қаласының «ГорКомТранс» ЖШС жұмысына қадағалау және мониторинг жасап тұрады.

Есепті кезеңде Қарағанды қаласы «Гор-КомТранс» ЖШС жаңа қоқыс жәшіктері қойылып



2019-2022 жылдарға арналған сұраныстың Жол картасын жасау үстінде. Оған біздің облыстан спорттық инфрақұрылымды бұрынғыдан да дамыта түсуді қажет ететін қалалар мен аудандардан бес жобаны енгізу ұсынылды.

Олар: – Қарағанды қаласындағы спорттық-сауықтыру күрес орталығының құрылысы; – Шахтинск, Жезқазған, Теміртау және Саран қалаларындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендері.

Осы жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттама жасау жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Металлургтер қаласында 320 орындық ДШСК салу бойынша облыстық әкімдік пен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасында өткен жылы 23 қазаңда меморандумға қол қойылды.

2018 жылы облысымыздың 28 000 спортшысы әртүрлі дәрежедегі 915 спорттық жарысқа қатысып, 8000-нан астам медальды, оның ішінде, 738 медальді халықаралық, 2 951 медальді республикалық турнирлерде жеңіп алды. Өлем чемпионаттары мен кубоктарында Қарағанды облысының қатысушылары 57 медальға, Азия чемпионаттары мен кубоктарында 128 спортшымыз 146 медальға ие болды. Біздің облыстың аумағында 114 халықаралық және 42 республикалық жарыс (Қазақстан чемпионаттары), 31 халықаралық турнир мен екі өлемдік біріншілік өткізілді.

Қатысушылар мен қонақтар Теміртаудағы Самарқанд су қоймасында наурыз айында өткізілген мұз астынан балық аулау бойынша Өлем чемпионатының ұйымдастырылуын жоғары бағалады. Кекушинкай қараздан балалар мен жасөспірімдер арасындағы Өлем

ған 59 қоқыс жинау алаңдарын пайдалануға берді. Қосымша 44 қоқыс жәшіктері ауыстырылды, 427 қоқыс жәшігі боялып, 98 қоқыс жәшігі жөнделді. Жеке меншік секторда қосымша 48 қоқыс жәшігі орнатылды. Сонымен қатар, жеке сектордың қызмет көрсетілетін аумағында 850 текше метр көлемінде 8 рұқсат етілмеген орын-да пайда болған қоқыстар шығарылды.

2018-2019 жылдарға жылу маусымына дайындық барысында басқару органдарымен 34 үйдің үйішілік жылу жүйесі күрделі жөндеуден өткізілді, 45 жаңа элеватор торабы, 48 жылу торабы, 16 электр қалқаншалары ауыстырылды. Тұтастай алғанда, көпқабатты үйлерде жылууды іске қосу тұрақты. Қазіргі уақытта орталық жылумен 1461 көпқабатты тұрғын үйлер қамтылған. Сонымен қатар, аудан аумағында төрт автономды жылу жүйесімен жылытылатын 8 үй бар.

Өткен жылы аудан әкімі аппараты басқару органдарымен, сонымен қатар, «Теплотранзит Қарағанды», «Қарағанды Су», «ГорКомТранс» ЖШС коммуналдық қызметтері, Қарағанды қаласының ІІБ ЖПҚ бірлесі отырып 378 тұрғын үйде 578 жалпы жылылыс өткізді. Жоғарыда айтылған жұмыстың қорытындысы, бүгінгі күні 121 иесіз қалған үйде заңды басқару жүйесі құрылды. 2019 жылдың басты міндеттерінің бірі – басқа да иесіз қалған үйлерде басқару жүйесін ұйымдастыру.

Есепті жылы жылу жүйесінің 20 014 шаршы метр жылу желілері ауыстырылды, оның ішінде, 6418 шаршы метр – магистральді жылу құбыры, 13 596 ш.м. - жылу жылынын тарату құбыры. Жылыуды жоғалтпау мақсатында «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС жылу жүйесінің 20 839 шаршы метріне қаптау жұмыстарын жүргізді.

Суды бұру және сумен қамтамасыз ету саласында 14 512 шаршы метр су құбыры желілеріне ауыстыру жұмыстары жүргізілді, бұл тұтынушыларға тұрақты су беруді қамтамасыз ету, перспективалық бағыттарды жоспарлау, сонымен қатар, су ысырабын 0,7 % -ға, су жүйелерінің істен шығу оқиғаларын 19%-ға азайтуға мүмкіндік берді.

Электрмен жабдықтау бағытында «Қарағанды Жарық» ЖШС жөндеу компаниясымен 65 толық трансформаторлық қосалқы станция, 48,7 км жоғары вольтты электр желілері ауыстырылды. Инвестициялық бағдарламаға сәйкес, қалалық типтегі 51 кешенді трансформаторлық қосалқы станциялар қайта жаңғыртылды, бұл қала тұрғындарына электр энергиясын жеткізу сапасына оң әсерін тигізді.

2018 жылы 11 сенбілік және 12 санитарлық бейсенбі күндері өткізілді. Жұмыс көлемі 15 мың гектарды құрады. Көктемгі-күзгі ауданды санитарлық тазалау және абаттандыру айлықтарына 3 мыңнан астам ұжым жұмылдырылып, 87 мыңнан астам адам қатысты. Сенбілік аясында жалпы көлемі 2 мың метр кубтан астам мұннан аса рұқсат етілмеген орындарда пайда болған қоқыстар шығарылды, 2 мыңнан астам ағаш көшеттері отырғызылды. Бұған 200-ден аса техника жұмылдырылды.

Өткен жылы цифрландырудың аясында «Е-Шаңырақ» электронды деректер базасын қалыптастыру жұмысы басталды. Бұл бірыңғай дерекқор тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінің барлық субъектілерін қамтиды және

саланың ашықтығы қамтамасыз етіледі. Осы жүйенің негізінде тұрғындар интернет желісі арқылы төлемдер мен есептеулердің дұрыстығын, үйдің кіріс-шығыс есептеулерін тексере алады, сондай-ақ тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша туындаған проблемалық сұрақтар бойынша өтініш бере алады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау барысында кәсіпкер Болат Қожақаев аудан әкімі аппаратының АХАЖ бөліміне қаламыздың Оңтүстік Шығыс бөлігінде орналасқан «Ақ Сарай» заманауи неке қио сарайын тарту етті.

Қазыбек би ауданы әкімінің аппараты азаматтық хал актілерінің 9 түрі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді. Өткен жылы 38 105 мемлекеттің қызмет көрсетілді, оның ішінде: 7 442 – баламалы негізде азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде, 10 074 – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті бөлімдері арқылы және 3 328 қызмет – «Электрондық Үкімет» порталы арқылы көрсетілген қызметтер. Сонымен қатар, туу, некені бұзу және қайтыс болуды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет түрі № 2 ХҚК бөлімі арқылы 3 сағаттың ішінде пилоттық жүйеде атқарылды.

Тұрғындармен жыл сайынғы есепті кездесу ауданның дамуына оң әсерін тигізуде. 2018 жылғы кездесуде 82 өтініш түсті, 42 өтінішке жауап кездесу барысында берілсе,15 өтініш бойынша жауап есепті мерзімде берілді, аудан тұрғындарынан келіп түскен алыстар саны – 5.

Цифрландыруды жүзеге асыру аясында аудан әкімі аппараты қызметінде мемлекеттік қызмет алмасуда интранет-портал жүйесі кеңінен қолданылады, сонымен қатар, аудан әкімі аппаратының қызметінде атқарылып жатқан жұмыстарды жариялауда инстаграмм, аккаунт (kazubeudan.kbi_blogoustroivso) қызметі пайдаланылады.

Есепті жылы аудан әкімі аппаратына 1005 (2017 ж. - 881) өтініш келіп түсті. Үкімет, облыс әкімі және қала әкімінің блогтары арқылы келіп түскен өтініштер саны – 259, бұл көрсеткіш бытырғы жылмен салыстырғанда 65 өтінішке кем. Аудан әкімінің және оның орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдаулары кестеге сәйкес жүргізіледі. Есепті кезеңде аудан әкімі аппаратының қабылдауында 162 адам болды.

Талас тудыратын даулы мәселелерді соттың қарауына дейін қарастыру мақсатында 6 адамнан құрылған кәсіби емес медиаторлар жұмыс істейді. Аудан әкімі аппараты мен №2 Қазыбек би атындағы аудандық сот арасында бекітілген меморандум аясында медиатор кабинеті ашылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өзгерісті өзіннен баста» жобасы аясында Қазыбек би атындағы аудан әкімінің аппараты электрондық қызмет алу үшін мемлекеттік қызметкерлерді электрондық-цифрлік қолтаңбамен толық қамтамасыз етті.

«Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімі аппараты» ММ әдеп жөніндегі уәкіл қызметі мемлекеттік қызметкерлер арасында сыйбалас жеңілдіктер қарсы, қызметтік этикалық нормалары сақтау бойынша өткізген іс-шаралар саны - 13 (семинар - кеңес, дөңгелек

үстелдер). Мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтардан түскен өтініштер саны - 21. Мемлекеттік қызметкерлер арасында екі рет анонимді сауалнама жүргізілді.

Тұрғындармен жұмыс барысында Қоғамдық Кеңес пен жергілікті өзін-өзі басқару Кеңесінің жұмысы үлкен орын алады. Мәселелерді шешуде 8 аймақтық жергілікті өзін-өзі басқару Кеңестері жұмыс істейді. Оның құрамында қалалық мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшелері, ПИК төрағалары қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен азаматтық ұстанымдары жоғары тұрғындар бар.

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан әкімінің есептік кездесуінде қарастыруға жоспарланған сұрақтар тізбесі

1. Ауданның көркейту бойынша 2018 жылы жүргізілген жұмыстары туралы;
2. 2018-2019 жылғы жылту маусымына даярлық жұмыстары туралы;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы;
4. Өткен кездесулерде түскен, халықтың ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бо-

Біздің қызметте әлеуметтік мәселе және оның шешімі – ең басты орында. Аудан әкімінің аппараты Ардагерлер кеңесі, «Нұр Отан» партиясының Қазыбек би атындағы аудандық филиалы және меценаттармен бірлесі отырып, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ауданның ұзақ өмір сүрушілері мен халықтың әлеуметтік осап топтарына тұрақты түрде қолдау көрсетіп тұрады.

2018 жылы 6 көп балалы ана «Алтын Алқа» және «Күміс Алқа» төс белгілерімен марапатталды.

Ұлттық және мемлекеттік мерекелер аясындағы іс-шаралар кең көлемде және уақыт талабына сай мазмұнда ұйымдастырылады. Оларға қалың бұқараның белсене қатысуына ерекше мән беріледі.

Елбасы алға қойған негізгі міндеттердің бірі – тұрғын-үй коммуналдық саласында айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету және коммуналдық қызмет тарифтерін төмендету. Аудан әкімінің аппараты бұл міндеттерді орындауда барлық күш-жігерін салады, оған біздің күш-қуатымыз жетеді.

Татьяна ШАТОХИНА,
Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан әкімі.

йынша орындалған іс-шаралар туралы;

5. Жеңілдіктер қарсы күресінің құқықбұзушылықтары шеңберінде қолданылған шаралар туралы;
6. Ауданды дамытудың мәселелері және оларды шешу жолдары.

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы бойынша тұрғындардың ұсыныстары, ескертулерін және пікірлерін жинауға арналған жәшіктерді орнату тізбесі

Р/н	Мекенінің атауы	Ұйымның орналасқан жері
1.	«Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК	Ерубаев көшесі 44
2.	Достық үйі	Кеншілер даңғылы 64
3.	«Қазтұтыншылародағының Қарағанды экономикалық университеті» МЕМ	Академическая көшесі 9
4.	«Кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК	Бұқар жырау даңғылы 32 үй
5.	«№ 101 мектеп -лицей» ҚММ	Гүлдер 1 шағын ауданы 1/2 үй

Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімінің 2019 жылы есептік кездесулерін өткізу КЕСТЕСІ

№	Қала және аудан атауы	Аудан әкімі ТАӨ	Өткізу мерзімі	Орны және өткізу уақыты
1	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан	Шатохина Татьяна Николаевна	01.02.2019ж жұма	«Балалар мен Жеткіншектер сарайы» КМҚК, Ерубаев көш. 44; сар 15-00;
2	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан	Шатохина Татьяна Николаевна	05.02.2019ж сейсенбі	«Қазтұтыншылародағының Қарағанды экономикалық университеті» МЕМ Академическая көш. 9; сар 15-00
3	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан	Шатохина Татьяна Николаевна	07.02.2019ж бейсенбі	Достық үйі, Кеншілер даңғылы, 64; сар 15-00

Халықтың ұсыныстары мен ескертулерін және пікірлерін жолдауға арналған – жедел желі
30-06-97

Ел Президенті өз Жолдауында бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімді болуын басым бағыт ретінде атап өтті. Елбасы кем дегенде 100 ДШСК салуды және қолда бар, өсірісе, мектептер жанындағы спорт құрылыстарын тиімді пайдалана отырып, аулапаралы, саябақтарды, бақжолын дене шынықтырумен және спортпен айналысатындай етіп жарақтандыруды тапсырды.

Бұл бағытта облыста айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылуда. Өңірімізде 3000-нан астам спорт құрылыстары жұмыс істеп жатыр, оның ішінде, 1000-нан астамы ауылдық жерлерде. Өткен жылдың ақпан айында Абай қаласында жабық жүзу бассейні пайдалануға берілді. Қарағанды қаласында «Досжан» сырғанау катогының құрылысы аяқталды, «Аманат-Арена» спорт кешені пайдалануға берілді, кекушинкай қаразт спорттық-сауықтыру орталығы салынып, жұртшылық кеңінен пайдалануда. Сондай-ақ, 2022 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында қала аудандарында тағы да осындай 11 нысан бой көтермек. Онда халықтың әлеуметтік аз қамтылған бөлігінің 1000-нан астам баласы спортпен тегін айналысатын болады.

Облысымызда 231 спорт алаңшасы және 199 көпсалалы хоккей қорты жұмыс істеп тұр. Тек 2018 жылдың өзінде өңірімізде 19 спорт алаңшасы мен 22 көпсалалы хоккей қорты орнатылды.

Өткен жылы бюджеттің 366,8 миллион теңге қаражатын 13 спорт нысанын жөндеуден өткізілді. Мәселен, Шет ауданы спорт мекенінің стадионында жазда пайда болған жүгіру жолы Ақсу-Амол кентінде жүгіруді және саулаутты өмір салтын ұнататын тұрғындар үшін тамаша сыйлық болды. Сол сияқты Шахтинск қаласында стадион, Сәтбаев қаласында «Жас-Тар» Спорт сарайы жөндеуден өткізілді.

Қазіргі кезде облыста 19 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейтін болса, оның ішінде жетеуі ауылдық жерлерде. Өткен жылдың желтоқсан айында Шет ауданындағы Сәкен Сейфуллин ауылында ДШСК құрылысы аяқталды. Бүгінгі күні Қарқаралы мен Абай қалаларында да осындай екі ДШСК құрылысы облыстық бюджет қаражаты есебінен салынып жатыр, олар биылғы жылы пайдалануға берілетін болады.

Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға сәйкес, Жаппызхалықтық шаралар жоспарын орындау бойынша Мәдениет және спорт министрлігі «Дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне деген

СПОРТ –
ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

чемпионаты нағыз спорт мерекесіне айналды. Қарағандыда бірінші рет өткізілген триатлоннан Қазақстан кубогы да қатысушылар мен қонақтар тарапынан жоғары бағаланды.

Қазақстан үшін 2018 жылы Индонезияда өткен Азия ойындары ең маңызды спорттық оқиға болғаны мәлім. Өйткені, қарағандылық спортшылар осы маңызды жарыста лайықты өнер көрсетіп, 11 марапатқа ие болғандықтан, өздерінің жоғары спорт шеберліктерін әлемге паш етті.

Бұқаралық спортты дамыту – біздің басқарма жұмысының басты бағыты. Өңірімізде өткізіліп жатқан дене шынықтыру-сауықтыру шараларының саны жыл сайын артып келеді. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын тұрғындарды қамту облыс бойынша 30,1% болып отыр. Спорт мектептері мен клубтарда айналысатын балалар мен жасөспірімдерді қамту 30 мың адам, немесе жалпы облыс тұрғындары санының 15,8%-ы. Өңірімізде 40 спорт мектебі табысты жұмыс істедуде, оларда балалар тегін айналысады. Олардың саны жыл өткен сайын арта түседі – 2018 жылы тәрбие-ленушілердің жалпы саны 29 000 адам болды. Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінде спорттың 68 түрі (40 – олимпиадалық, 28 – олимпиадалық емес) дәріптеледі.

Мектеп оқушылары мен жеткіншектердің сабақтан тыс және каникул күндеріндегі бос уақыттарын қамтамасыз ету мақсатында облыста:

- балалар мен жасөспірімдердің 18 дене шынықтыру клубы;
- балалар мен жеткіншектердің 113 клубы;
- 122 дене шынықтыру-сауықтыру клубы;
- мектептерде 2 мыңнан астам спорт секциясы, колледждерде 439 секция жұмыс істейді.

Облысымызда өткен жылы 7000-нан астам спорттық-бұқаралық шара өткізілді. Оларға

керуені өткен аудандар, сол сияқты атақты спортшылар табыс етті. Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Туған жер» жобасының аясында өткізген бұл шара қызықты болуымен қатар, жас жеткіншектердің спортпен айналысуына және олардың өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын ынталандыруға ықпалы аса зор болды.

Қарағанды өңірінде мүмкіндігі шектеулі жандардың спорттың дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Облысымызда осындай үш жарым мың адам спорттың 28 түрімен айналысады. ҚР Ұлттық құрамасының құрамына 87 спорт

ТАНЫМ

Биология ғылымы тірі ағзалармен байланысты пайда болатын құбылыстарды зерттейді. Биологияның зерттеу аясына биофизикадан бастап экологияның күрделі жүйелеріне дейінгі бірліктер кіреді. Биология ағзалардың сипаттамаларын, классификациялануын және олардың іс-әрекеттерін, түрлердің пайда болуын және олардың бір-бірімен байланысын қарастырады.

Биологияның құрамына ботаника, зоология, тағы басқасы енеді. Алайда, XIX ғасырға дейін биология біртұтас ғылым болмады. Тек, ғалымдар барлық тірі ағзалардың арасындағы ортақ қасиеттерді анықтағаннан кейін осы қасиеттерді біріктіре отырып, зерттеу қолға алынды. Осыған байланысты өсімдіктер мен жануарлар әлемінің табиғи және жасанды популяцияларының генофондын қорғау – тірі табиғатты қорғаудың бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады.

Биосфераның генетикалық ресурсын сақтау, әсіресе практикалық мәні бар немесе жоғалып кету қаупі төніп тұрған өсімдіктер мен жануарлар қорын сақтау әдістері жасалуда. Соның бір айғағы ретінде қазіргі таңда дамыған мемлекеттер бұл бағытта ерен еңбек етіп жатқаны белгілі. Осыған орай, әр мемлекет өз жерінде және мемлекетаралық табиғатты қорғау одағын құру, аймақтың «қызыл кітабын» шығаруға мүмкіндік туғызып, табиғаттың жер шарындағы түрлерін сақтауда.

Біздің мемлекетте кездеспейтін сүтқоректілер, тағы да басқа жануарлармен құстар, қосмекенділер түрлерін хайуанаттар бағында көбейтіп, дүние жүзіндегі басқа хайуанаттар бағында өсірілетін түрлермен алмастырылады немесе сатылады. Бұл үрдіс, әрине, біздің Қарағанды хайуанаттар бағында да жолға қойылған.

Бізде террариум-аквариум залы жұмыс істейді. Онда әлемдік фаунада сирек кездесетін балықтардың, шаянтарбалықтар мен қосмекенділердің бірнеше түрін тамашалауға болады. Қарағанды хайуанаттар бағы сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы жануарларды қорғау жөніндегі көптеген халықаралық бағдарламаларға қатысады. Оның ішінде, ЕАРАЗА (Евразиялық өңірлік хайуанаттар және аквариумдар қауымдастығы) мүшесіміз. Сонымен қатар, зообак ZIMS (Zoological information management system) – Жаһандық жануарлар, аквариумдар және хайуанаттар бағы туралы деректер базасына тіркелген. Бұл деректер базасында 6 миллионға жуық бас, 14634 түрлер туралы ақпараттар бар. Құрал ретінде ZIMS бағдарлама-



ҚАЛА КӨРКІ - ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ

Хайуанаттар бағының негізгі міндеті – жануарлар әлемінің түрлерін көпшілік қауымға таныстыру, жабайы жануарлар әлемін қорғауды басты мақсат ете отырып, адам бойында ізгілікті насихаттау. Өте сирек кездесетін, жойылып бара жатқан жануарлар қорын сақтау. Биология ғылымы осы жануарлар дүниесін зерттеуде ерекше орынға ие.

сы ISIS-ті пайдаланады (International species information system) – Жануар-

лар түрінің халықаралық коммерциялық емес ақпараттық жүйесі. Қазіргі уақытта бұл бағдарламамен белсенді түрде қолданатын бүкіл дүние жүзі бойынша 900-ге жуық мекеме бар. Соның қатарында, Қарағанды хайуанаттар бағы да өз орнын алады. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флораның халықаралық сауда туралы конвенциясын (CITES) жабайы табиғаты қорғау туралы ең үлкен келісім деп айтуға болады. Осы ұйымның келісім-шартына 169 мемлекет қол қойған. СИТЕС тізімінде шамамен 5 мыңға жуық жануарлар мен 28мыңға жуық өсімдіктер түрлері тіркелген. Халықаралық сауда арқылы шектен тыс пайдалануға Конвенция тыйым салып, өз қорғауына алған. Құрып кету қаупі бар түрлері топтастырылған Қосымшаларда дәрежесі бойын-



ша, оларды саудаға және құрып кету қаупіне байланысты алдын ала шаралар қолданады.

СИТЕС тізіміне біздің Қарағанды хайуанаттар бағы жануарларының 41 түрі кіреді. Жануарларды сақтау ісіне 1938 жылы іргетасы қаланған Қара-

ғанды хайуанаттар бағы да өз үлесін қосты.

Қазақстан бойынша үш хайуанаттар бағы болса, оның ішінде, елордасы – Астанаға жақын орналасқан Қарағанды зообағы. Әр жазда Астана қаласынан келетін халықты да көптеп

көруге болады. Бұл, әрине, адам қунарлық жайт.

Ербол ТАСБОЛАТҰЛЫ,
Қарағанды мемлекеттік хайуанаттар бағының биологы.

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы идеялар мен жобалар қазақ тарихы мен мәдениетінің қайта жаңғыруына зор серпінді әкеліп, елімізді дамудың биік шыңына жетелері анық. Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда қаламыздағы Мағжан Жұмабаев атындағы №339 гимназияның үлкен үлесі бар.

Оған дәлел – ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында аталған білім ошағында «Ұлы Дала елінің қалыптасу тарихы» атты «Мәңгілік Ел» жасы ашылды. Көктемде қолға алынған бұл



шара Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы идеялармен үндесіп жатыр. Гимназия директоры

Абылай Жәлеловтің бастамасымен қолға алынған залды Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Тұлғатану» ғылы-

Жаңа зал – тарихқа таразы

ми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрсахан Бейсенбекова мен осы білім ордасының Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Нұртас Смағұлов ашып, білім ошағының басшысы құттықтау сөз сөйледі. Оқушылар қонақтарды үш тілде ел тарихымен таныстырды. Гимназия домбырашылары Айбар Қасым, Ердос Құнанбай және Ғайнет Мүтәліпова «Мәңгілік Ел» залын күйге бөлеп, төл өнеріміз салтанат құрды.

Бұл зал – тұтас ұжымның интеллектуалдық еңбегінің нәтижесі. Ұлы Дала жерінде салтанат құрған Түрік қағанатынан бастап, Керей мен Жәнібек хандар іргесін қалап кеткен Қазақ хандығының жарқын ізі бар

Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысы		
8 қаңтар 2019 жыл	№01/01	Қарағанды қаласы
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаменті Нормативтік-құқықтық актісі 2019 жылғы 09/01 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізгініне №5140 болып енгізілді.		

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесілер күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 37/04 «Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын бекіту туралы» қаулысы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4290 тіркелді, 2017 жылдың 11 шілдесінде «Индустриальная Караганда» №76 (22189), 2017 жылдың 11 шілдесінде «Орталық Қазақстан» № 75 (22 382) газеттерінде, 2017 жылы 13 шілдесінде Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде

электрондық түрде жарияланған);

2) Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 16/01 «2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аудандар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы» қаулысы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3745 тіркелді, 2016 жылдың 14 сәуірдегі «Индустриальная Караганда» № 46 (21991), 2016 жылдың 14 сәуірдегі «Орталық Қазақстан» № 64 (22 169) газеттерінде, 2016 жылғы 13 сәуірдегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енеді.

Е.ҚОШАНОВ,
Қарағанды облысының әкімі.

жарнама бөлімінің байланыс телефоны
43-21-55

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com

ҚР ҚДМ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҮЕҰ ДЕРЕҚҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті Үкіметтік емес ұйымдар дерекқорына мәліметтерді ұсынуудың кезекті есеп кезеңінің өтуі туралы хабарлайды. Ағымдағы жылы 31 наурыз жексенбіге түскеніне байланысты ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну мерзімі 2019 жылғы 1 сәуірде аяқталады (ҚР Азаматтық кодексінің 175-бағына сәйкес егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады).

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспаған-

да), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне infoпро.

қз. веб-порталында электрондық есептік нысанның уақытылы топтыруды ұсынады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҮЕҰ дерекқорында тіркелу мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурстарға қатысу үшін міндетті шарт болып табылады. ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді электрондық түрде infoпро.kz веб-

портал арқылы ұсыну үшін Халыққа қызмет көрсету орталығының жақын жердегі бөлімшесінде (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет.

Интернет арқылы тапсыруға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін мәліметтерді пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз және электрондық тасығыштарда (DOC, DOCX форматында CD-дискілерде немесе USB-флэш-жинақтағыштарда) тапсыру мүмкіндігі қалды.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекен-жайға жіберу қажет: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті. ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті.

Байқау



«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры, Қазақстанның Іскер өйелдер қауымдастығы және «Хабар» Агенттігінің бірлескен «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауы жалғасуда. Ақпараттық қолдаушы – «КТК» телеарнасы.

Жобаның мақсаты – қайырымдылық идеяларын дәріптеу, белсенді азаматтық бастамаларды дамыту.

Байқауға әлеуметтік, қоғамдық проблемаларды шешуге және өздерінің жомарттығымен басқаларды мейірімділікке ынталандыруға үлес қосып жүрген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде еліміздің барлық өңірінде конкур-

санттарды іріктеу жұмысы жүргізіледі. Конкурс жеңімпаздарының есімдері ақпанның соңында – Алғыс айту күні мерекесінің қарсаңында белгілі болады.

Лауреаттар бес номинация бойынша анықталады:

– **«Асар»** (номинация халықтың салт-дәстүрімен байланысты қайырымдылық қызмет көрсететін адамдарға қолдау көрсетуге бағытталған);

– **«Туған жер»** (білім беру, экология және көріктендіру саласында туған өлкеге көмек көрсететін адамдарға беріледі);

– **«Мейірім жолында»** (аталымы ерікті негізде және тегін көмек көрсететін, игі істер атқаратын адамдар ие болады);

– **«Батыл жүрек»** (номинация

ерлік іс жасаған, жанкештілік танытқан адамға қолдау көрсету мақсатында тағайындалады);

– **«Қайырымдылық тарихы»** (номинация БАҚ-та қайырымдылық тақырыбын қозғайтын, қоғамның назарын әлеуметтік проблемаларға аудартатын материалдардың жариялануының қамтамасыз ететін журналистерге немесе шығармашылық ұжымға беріледі).

Конкурсқа кәсіпкерлік субъектілері және қайырымдылық қызметті мемлекеттік қолдау арқылы жүргізетін тұлғалар (мемлекеттік грант, мемлекеттік тапсырыс және т.б.) қатыстырылмайды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры.

СЕМИНАР

Қарағандыдағы №33 мектеп-балабақша кешенінде Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін бағыт-бағдар ретінде ұстану 2018-2019 оқу жылында да жалғасын тапты. Жалғасын тауып қана қоймай, ауқымды семинар да ұйымдастырылды.

Айта кететін жайт, аталған білім ошағы қала мектептері арасында Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін көрсететін эксперименталды

Ұстаз – ұлт келбеті

алаңы саналады. Шара барысында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Елена Титова қатысушыларды жиынның мақсат-міндетімен таныстырып өтті. Бұдан кейін мұғалімдер түрлі пән бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін негізінде жаңашыл бағыттағы ашық сабақтарға қатысты.

Орыс тілі пәні мұғалімі Гүлмира Хамзинаның «Гуманитарлық бағыттағы пәндерді жаңартылған білім бағдарламасына сай кіріктіріп оқытудың маңызы» турасында өткізген шеберлік сағаты қатысушылар қызығушылығын оятып. Пән мұғалімі жылдар бойы жинаған тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мейрамгүл Адежанованың 5 «А» сынып оқушыларына био-

логия пәнімен кіріктіре өткізген «Су – тіршілік көзі» атты ашық сабағы да қызықты өтті. Оқушылар мұғалім үмітін ақтап, «сабақты жоғары дәрежеде өтті» деген баға алды.

Математика, тарих, дене шынықтыру пәндері бойынша өткізілген сабақтар да көптің көңілінен шықты. Семинар жұмысы соңында қорытынды жасалып, қала мектептерінен келген ұстаздар алған әсерімен бөлісті. Тіпті, кей мұғалімдер осындай тәжірибе алмасу семинарын жиі ұйымдастыру туралы пікір де білдірді.

Күмсай БҰРКІТБАЕВА,
№33мектеп-балабақша кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Жас келсе, іске!

ІСКЕР АЙДЫН



Елбасы қашан да жас кәсіпкерлерге барынша назар аударып келеді. Ел экономикасына елеулі үлес қосып жүрген жастар біздің өңірімізде де аз емес. Соның бірі – Айдын БАЗАРОВ.

Айдынды үнемі мазалайтын, бір орында отырғызбай, ұдайы қозғалысқа итермелейтін бір қуат бар. Бір шаруаны тәмамдап үлгеріп, біршама үзіліс жасау керек қой. Жоқ. Ол жай-барақат отыра алмайды. Бастаған істі бітіргеннің өзінде, оны мұқият зерттеп, қайта қарайды. Қалай дегенмен, қаражат қателікті кешірімсіз белгілі. Сәл қате кетсе, оны іздеп табу үшін бүкіл істі қайта қарау керек. Не деген сақтық десеңізші!

Өркім – өз ісінің қожасы. Істі өз көзқарасымен өзі тиянақтауы тиіс. Бір жерінен сынаптай сыр кетсе түбінде ол сорпаның бетіне шыққан көбіктей, немесе құрыш балқымадың қожындай болып көрініп қалады. Міне, өз бизнесінде мұндай қолайсыздықты жібермеу үшін Айдын Бекмуратұлы барын салады. Бақайлап отырсақ, оның бизнес бағдары тәжірибе және теория жүзінде де шындалған. Жоғары оқу орнында алған білімін іс жүзінде шебер пайдалана біліп, оң нәтиже жеткен. «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген осы.

Ол жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында бизнес саласында қыруар жұмыс атқарды. Жас кәсіпкер алдыңғы топтың бизнесмендердің тәжірибесін өз ісінде шебер қолдана білді. Алайда, қайталау емес. Кейін, сол тәжірибені жаңарту, кеңейту, өз тәсілімен жаңғырту ісімен шұғылданды. Сол ізденіс, толықтыру оң нәтижесін берді. Швеция, Швейцария, Франция сынды Еуропа елдерімен келісім-шарт жасасып, Қазақстанға азық-түлік тауарларының түр-түрін жеткізуді қолға алды. Айдын Бекмуратұлының болашақтағы жоспары одан да зор. Ол импортпен ғана шектелмей, енді экспортпен шұғылданбақ ойда.

Президент еліміздің жарқын болашағын жастар жасайды деп үлкен үміт артады. Бұл ретте, жас кәсіпкерлеріміз мемлекеттер арасындағы қаржылық арақатынасты теңестіру үшін тауар айналымындағы біржақты импорттан бас тартып, экспортпен де шұғылдану керектігін түсінген сыңайлы. Бұл – елімізде де ерекше тиімді. Экспорт айналымын асыра түссек, пайда пайызы ел қоржынын толтырмақ. Бұл – таптырмайтын тәсіл. Айдын Базаров бұдан былай осы тәсілге көшпек ойда. Өзге кәсіпкерлерді де соған шақырады.

Қадыр ЖҰМЫШ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



Академик Қаныш СӨТБАЕВТЫҢ туғанына – 120 жыл

Биыл аты аңызға айналған академик Қаныш СӨТБАЕВТЫҢ туғанына 120 жыл толып отыр. Кезінде Жезқазған-Ұлытау өңірінің тарихын, мәдениетін зерттеуде көп еңбек сіңірген ұламының есімін дәріптеу – аса маңызды міндет.

Ұлытау және



Қаныш



лық маңызын орыс отаршылдары да білген. Олар өткен ғасырдың отызыншы жылынан бастап тауды табандап мекен етуге тырысқан, әскерлерін өкеліп орналастырған. Бірақ, жергілікті қазақ елі оларға шабуыл жасап, тыныштқ бермеген» деп жазады.

Ұлытау туралы академик Әлкей Марғұлан: «Ұлытау – халқымыздың ел болып қалыптасуына, бірлік-тірлігіне дңгек болған, иіс қазақтың айналып соғар түп қазығындай қасиетті мекен. Ұлытаудың қазақтың ерте кездегі саяси орталығы ретінде маңызды болғандығына бір дәлел қазақ ұлысының негізін құрған басты-басты тайпалардың барлығының жері осы Ұлытаудан тараған» – деп жазады.

Тарихымызда ұлы адамдар өте көп, бірақ, олардың қатарынан биыл 120 жасқа толатын Қаныш Сөтбаев ерекше орын алады. Оның кен орындарын зерттеуі мен өлмес ғылыми еңбектері ғылым әлемінде көзі тірісінде жоғары бағаланды. Бұған табиғат құбылыстарының мынандай атаулары дәлел болады: Сөтбаев мұздығы және Жоңғар Алатауындағы Сөтбаев шыңы, таулы шеңбер құрылым – Сөтбаев үлкен шеңбері, әдемі гүл «Академик Сөтбаев» гладиолусы, «Академик Қ.Сөтбаевтың құрметіне» атты сиреннің жаңа сұрпы, Қаратау кен орнының ванадий кендерінен табылған сатбаевит сирек минералы. Айтұлы академиктің құрметіне оның есімімен күн жүйесінің кіші ғаламшары және ҚР Ғылым академиясының сыйлығы аталды. Авторлық шығармалар жинағы, альбомдар, кітаптар, замандастарының естеліктері баспа бетін көрді. XX ғасырдың соңында отандастары оны «Ғасыр Адамы» деген атаққа лайық деп тапты.

Туған жері Баянауылда, Алматы мен Қарсақбайда оның мемориалды мұражайлары ашылды.

Қ.Сөтбаевтың арманына жету жолында-

ғы әрекеттері тынымсыз күреске толы. Осы күрестегі жеңістерінде оның жан-жақты білімі, ақылы, эрудициясы мен талабы ғана емес, сонымен қатар азаматтық батылдығы, руханияты, адамгершілігі мен парасаттылығы шешуші роль атқарды. Оның шабыты мен сарқылмас қуатының қайнар көзі – туған халқына және қазақ даласына деген шексіз сүйіспеншілігі. Ал, халқы оның білімі мен еңбектерін жоғары бағалады.

Қазақ елінің халық болып қалыптасуының басы да осы Ұлытаудан бастау алады. Бұл – тарихи шындық. Осынау тарихи шындық жайында академик Қаныш Сөтбаев: «Орталық бөткейге орналасуы мен жоталарының биіктігіне қарағанда Ұлытау керегесін Сарыарқаның кіндігі деп атауға болады. Сондықтан, Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаңы, кең мандайы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан» – деп жазса, Президент Н.Назарбаев: «Қасиетті Ұлытау – қазақ елінің бағыдан бергі тарихи және саяси кіндігі», – деп атап өткен еді.

Қаныш Имантайұлы өзінің «Жезқазған-Ұлытау маңының минералдық ресурстары» атты мақаласында: «Жезқазған-Ұлытау ауданы Қазақстан территориясының нағыз геометриялық орталығына орналасқан. Жезқазған геологиялық орталық ертерек кезде зерттеуі бойынша бұл ауданның жер көлемі жүз мың шаршы километрге жуық болады. Мұның өзі Закавказье одақтас республикасының территориясынан асып түседі», – деп жазады.

Жезқазған-Ұлытау ауданы марганец рудасының қоры жөнінен Қазақстандағы ең негізгі аудандарының бірі болып табылады. Мұнда 1942 жылдың көктемінде, қысқа мерзімде – небары алты айда жапан далаға Жезді марганец руднигі салынды. Ұлы Отан

соғысы жылдарында еліміз негізгі марганец базасы – Никополь мен Чиатури кендері, индустриалды Оралдан уақытша қол үзген кезде, Жезді руднигі өте зор роль атқарды. Жездінің бай марганец рудасы сол кезде Оралдағы металлургия өнеркәсібіне жөнелтіліп жатты. Мұның өзі Жезқазған геологиялық минералдық ресурстарды комплексті зерттеу жұмыстарының тамаша нәтижесі болды. Жезді марганец рудасы, Атасу кенімен бірге Павлодарда салынып жатқан ірі ферросплав зауыты үшін шикізат базасы болып табылады.

Бұл ауданда кен-руда және құрылыс шикізатының өте бай резерві бар. Ешкірлес асбест кені Қазақстанда екінші орын алады. Мұнда қазіргі өзінде барланған асбест қоры үш миллион тоннадан асып жатыр. Сондай-ақ, асбест кені Қаным, Айыртау, Шайтантас, Дүйсенбай және басқа жерлерден де табылады.

Қаныш Сөтбаев – қазақ халқының мақтанышы мен даңқы. Өзінің артында өшпес із қалдырды. Жезқазған қаласы, Қазақстан ғылым академиясы, Геологиялық ғылымдар институты, кешенді металлургендік болжам карталары, республиканың геологиялық қызметі, Қазақ Ұлттық техникалық университеті, марганец алыбы – Жезді-Найзатас, Қарағанды металлургия комбинаты және республиканың қара металлургиясы, Қазақстанның түсті металлургиясы, Павлодар алюминий зауыты, «Ертіс-Қарағанды» каналы, орташа машина жасау өндірісі және Батыс Қазақстан мұнай байлығын ғылыми болжау жұмыстары – академиктің туындысы.

Осы мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ халқының біртуар дарындары ұлы, көрнекті ғалым-геолог Қаныш Сөтбаевтың жолын жалғастырушы мыңдаған адамдар қызмет етеді.

Дарынды тұлғаның есімі қаншама жылдар өтсе де елдің есінен шықпайды.

Талғат ӘБЖАППАРОВ,
«Ұлытау» қорық-мұражайының
бас қор сақтаушысы.



Құрылтайшысы:
облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы» ЖШС
Директоры – Бас редактор
Мағауия Сланбекұлы
СЕМБАЕВ

Бас редактордың бірінші орынбасары
Ерсін Кәрібайұлы
МУСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Ахат Құрмансейітов
ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Жауапты хатшы
Нұрқанат Нұрмұхамбетұлы
ҚАНАФИН

Телефондар:
Директор – Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-57-78.

Бас редактордың бірінші орынбасары: 43-38-53.
Бас редактордың орынбасары: 43-38-33.

Жауапты хатшы 43-57-76
Кадр, қоғамдық ұйымдармен байланыс және жарнама бөлімі 43-35-37

Экономика, саясат және өнеркәсіп бөлімі – 43-49-73
Ақпарат, құқық және бұқарамен жұмыс бөлімі – 43-30-88
Білім, ғылым және патриоттық тәрбие бөлімі – 43-22-92

Денсаулық және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі – 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет және жастар саясаты бөлімі – 43-22-92
Жарнама, факс: 43-21-55;
бухгалтерия: 43-49-74; 43-58-16;
компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:
Балқаш, Приозерск, Ақтоғай, Шет: 8-776-008-10-87;
Жезқазған, Қаражал, Сөтбаев, Жаңаарқа, Ұлытау: 8-777-573-01-58;
Қарқаралы: 8-702-638-56-85.

Газет жеткізілмесе 41-16-07, 41-09-51 телефондарына хабарласыңыздар.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 30 қарашада №17386-Г куәлігі берілді.

Газет Сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Мекен-жайымыз:
100009, Қарағанды қ.,
Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды. Жарналанған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесі көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды. А – материалдың жариялану ақысы төленген. Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«АТФ банк» АҚ ҚФ Есеп-шот: KZ50826MOKZTD2003131, БИК ALMNKZKA БИН 000940001367

Таралымы 14 200 дана

№7 тапсырыс. Индекс 65484. Офсеттік басылым. Көлемі 3 баспа табақ.

Электрондық пошта:
ortalyk.kz@gmail.com
ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі:
ortalyk.reklama@mail.ru

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сөтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор
Нұрдо КӨРІМ
КОРРЕКТОРЛАР
1,5,6 – беттер **О.ТӨЛЕУБЕКОВА**
2,3,4 – беттер **Ж.ШАЛҚАРОВ**

Қарағандылықтар қарқыны



Нұрқанат ҚАНАФИН,
«Орталық Қазақстан»

«Сарыарқа» сенбі күні Ханты-Мансийның «Юграсын» Қарағандыда қабылдады. «Қарағанды – Арена» мұз сарайында өткен матч «Сарыарқаның» жеңісімен тәмамдалды. 6:0.

Қарағандылықтар қарсылас қақпасына жаупасыз алты шайба салды.

«Сарыарқалықтар» сапында Артур Сарваров (5-ші минут), Антон Горбачев (18-ші минут), Олег Ломоко (26-шы минут), Айрат Зиязов (31-ші минут), Руслан Ибатуллин (35-ші минут) және Кирилл Тамбиев (45-ші минут) мергендіктерін танытты.

«Сарыарқа» 43 ойында 51 ұпай жи-

нады. Қазір турнир кестесінің – 13-ші сатысында.

Лигада (Жоғарғы хоккей лигасы) Альметьевский «Нефтяник», Петербордың «СКА-Невасы» және Нефтекамский «Торосы» көш бастап тұр. Үшеуінде де – 70 ұпайдан.

Турнирдегі тағы бір қазақстандық ұжым – ескемендік «Торпедо» – 17-ші орында. Отандастарымыздың 47 ұпайы бар.

«Сарыарқа» кеше кешке түмендік «Рубинмен» кездесті. Ал, 23 және 25 қаңтар күндері петерборлық қос клуб – «СКА-Нева» мен «Динамо» қабылдайды.

Футбол

Қарсыластар белгілі

Түркияда оқу-жаттығу жиынында жүрген «Шахтердің» алдағы уақытта кездесетін қарсыластары белгілі. Бұл туралы қарағандылық клубтың баспасөз қызметі хабарлады.

Алғашқы ойын – 25 қаңтарда. «Шахтер» македониялық «Герея Петровпен» ойнайды. Ал, 28 қаңтар күні – «Приштина» (Косово), 31 қаңтар күні – «Арка»

(Польша), 10 ақпан күні – «Шахтер-U21», «Ворскла» (Украина), 13 ақпан күні – «Катовице» (Польша), 16 ақпан күні – «ЛКС Лодзь» (Польша), «Заря» (Украина), 21 ақпан күні – «Термалика Нецана КЖ» (Польша), 24 ақпан күні – «Крылья Советов» (Ресей), 24 ақпан күні – «Торпедо-БелАЗ» (Беларусь) және 1 наурыз күні – «Спартак» (Латвия) ұжымдарымен күш сынасады.



Әлібек ӘБДІРАШ,
«Орталық Қазақстан»

Жалпы 15 пән бойынша білім деңгейі безбенделетін республикалық олимпиаданың 765 бала бақ сынаған облыстық кезеңіне Жезқазған қаласынан 19 оқушы қатысқан еді. Облыстан жүлдемен оралған оқушыларды Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс ӘЛІМАҒАНБЕТОВ қабылдап, сый-сияпат жасады.

Білімнің байрақты бәйгесінде Қаныш Сөтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Әдина Серікбаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жүлделі I дәрежелі дипломды қанжығасына бектерді. Сөйтіп, олимпиаданың IV республикалық кезеңіне жолдама алды. Оқушының облыстық олимпиададағы жетістігінде жетекшісі Айжан Азбаеваның елеулі еңбегі бар екенін айта кеткен абзал.

Сондай-ақ, білім сарапталған сынақ қорытындысында 5 оқушы III дәрежелі дипломмен марапатталды. Олар: химия пәнінен – №26 гимназияның 11 сынып

оқушысы Диана Ақатова (жетекшісі А.Сәдуақасова), математика пәнінен – №8 гимназияның 9 сынып оқушысы Теленге Сұлпейменов (жетекшісі Ж.Бекетова), биология пәнінен – №8 гимназияның 11 сынып оқушысы Сымбат Бердібай (жетекшісі К.Қыдырпатшаева), Қазақстан тарихы пәнінен – Қ.Сөтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Ділназ Әбішева (жетекшісі Г.Есмұрзина), қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен – №4 орта мектептің 11 сынып оқушысы Юлия Амосова (жетекшісі Қ.Мақшұ).

ЖЕЗҚАЗҒАН қаласы.